

Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 219 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 мамырда № 6291 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 335 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 22.04.2019 № 335 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Жаңақорған кенті бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету және көму тарифтерін бекіту туралы" Жаңақорған ауданы мәслихатының 2014 жылғы 9 қыркүйектегі № 230 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылдың 26 қыркүйекте №4763 болып тіркелген, 2014 жылдың 4 қазанда "Жаңақорған тынысы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған аудандық мәслихатының
кезекті XXI сессиясының төрағасы

Н.Қалжанов

Жаңақорған аудандық
мәслихатының хатшысы

Е.Ильсов

Жаңақорған аудандық мәслихатының 2018
жылғы 23 сәуірдегі №219 шешіміне 1
қосымша

Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Орташа жылдық нормалары, м3
1	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,55
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,52
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,83
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,31
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кенселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,72
6	Емханалар	1 қатынау	0,00048
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек -орын	0,91
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,23
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,72
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,22
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,07
12	Стадиондар, спорт алаңдары	ж о б а бойынша 1 орын	0,020
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1м2	0,06
14	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңы 1м2	0,70
15	Машиналардан сату	сауда орны 1 м2	0,26
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1м2	0,35
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1м2	0,43
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1м2	0,20
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1м2	0,15
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1м2	0,22
21	Дәріханалар	сауда алаңы 1м2	0,19
22	Автотұрақтар, автомобиль жуу орындары, автожанармай құю станциясы, гараждар	1 машина-орын	1,27
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,13
24	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,04

25	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1м2	0,14
26	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1м2	0,41
27	Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,85
28	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1м2	0,26
29	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1 0 0 0 қатысушы	0,16

Жаңақорған аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 сәуірдегі №219 шешіміне 2 қосымша

Жаңақорған ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер

№	Атаулары	Есептік бірлігі	Баға
1	Тұрғын үйлерден қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер	а й ы н а 1 адамға	65,0
2	Шаруашылық субъектілер - абоненттер үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкету	1 текше метр (м3)	805,25
3	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму	1 текше метр (м3)	611,68

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК